

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

Если сравнить результаты по двум коэффициентам, то видно, что для множества рассмотренных компаний они довольно близки. Соответственно, обе методики достаточно достоверно отражают размер интеллектуального капитала организации.

У большинства компаний результаты положительные. Однако, стоит отметить, что среди них есть компании, которые на данный момент убыточны, но при этом их коэффициент интеллектуального капитала находится в положительном диапазоне. Например, Златмаш из сферы машиностроения (рис. 6). Данная компания в убыточном состоянии, но интеллектуальный коэффициент добавленной стоимости у неё выше 0.

Таким образом, можно сказать, что учёт интеллектуального капитала в организации позволяет отразить более адекватную стоимость компании. В процессе подсчёта также можно обратить внимание на те коэффициенты, которые влияют на увеличение интеллектуального капитала, и, соответственно, внести изменения для его повышения. Не менее важным является и тот аспект, что инвестиции в предприятие увеличиваются, если система отчетности обеспечивает существующих и потенциальных инвесторов более полной информацией о компании.

Литература:

1. Молодчик М.А. Интеллектуальный капитал компании: диагностика и подходы к управлению. – Пермь: Изд-во Перм. нац. исслед. политехн. ун-та, 2012. – С. 32
2. Pulic A. VAIC – an accounting tool for IC management. – URL: <http://www.vaicon.net/start.htm>
3. И. О. Иванинский Е. И. Тюрина Влияние интеллектуального капитала на структуру капитала компаний России [Journal]. - Москва: [s.n.], 2010.
4. Каширина А.М., Румениди А.Ю. Оценка стоимости интеллектуального капитала на примере ит-компаний. В сборнике: Современные технологии поддержки принятия решений в экономике. Сборник трудов Всероссийской научно-практической конференции студентов, аспирантов и молодых ученых. Национальный исследовательский Томский политехнический университет. 2015. С. 116-117.

ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘРТАРАПТАНУЫН ТАЛДАУ

Толысбаев Б.С., Урисбаев Н.Н.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
E-mail: urisybayev.nurbolat@inbox.ru

Қазіргі жағдайларда экономиканы қайта құру процесі аймақтық деңгейде анағұрлым белсенділік танытып отыр, бұл аймақтың экономикалық қызметінің субъектілеріндегі нарықтық экономиканың заңнамалық актілері мен тетіктерін іске асыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Осы шарттарда аймақтың ерекшеліктерін, аса маңызды өндірістік және өмір сүруді қамтамасыз етуші салалардағы жеке сектордың басымдылығын ескеретін аймақтық экономикалық саясатты қалыптастыру жүргізіліп отыр.

ҚР Президентінің «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды теңдестіру қажеттілігіне аса маңызды көңіл бөлінеді [1]. Бұл мәселені шешу үшін аймақтық экономикалық мүдделерді іске асыруға бағытталған аймақтық саясаттың жаңа жолын қолданған дұрыс.

Қазақстан, орасан зор аумақта орналаса отырып, әлеуметтік-экономикалық дамудың аймақтық ерекшеліктерге ие, олар шаруашылық байланыстарға, тауарлардың, капиталдың, жұмыс күшінің ағымының шарттарына және жалпы мемлекеттің экономикалық әлеуетіне едәуір ықпал етуге қабілетті. Аймақтардың бірінің екіншісінен артта қалушылығы өмір сүру деңгейінің төмендеуіне, шаруашылық қызметтің аз қарқындылығына, өнеркәсіптің аз диверсификацияланған салалық құрылымына, ғылыми-техникалық әлеуеттің төмендеуіне,

әлеуметтік саланың дамымауына әкеледі. Бұл қатерлер мемлекетке экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша күрделі қиындықтар туғызады.

Қазақстан аймақтары экономикасын келесідей сыныптауға болады [2]:

1. Атырау, Маңғыстау, Батыс-Қазақстан, Ақтөбе және Қызылорда облыстарын мұнай-газ облыстары деп анықтауға болады. Олардың айрықша қасиеттері: инвестициялардың анағұрлым жоғарғы деңгейі (елге салынған барлық капитал салымдарының 50%-дан астамы), монобағытты экономика, әлсіз дамыған ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу секторлары. Басқа сипатты сәттерге облыстар ішіндегі стагнациялық периферияларды, кедейшілік пен жұмыссыздықтың жоғарғы деңгейін атауға болады.

2. Өнеркәсіптік облыстар анағұрлым кең кеңістікті қамтиды, ол шығыстан орталыққа қарай тарылады. Бұл Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары. Берілген облыстар үшін қара және түсті металлургияның ірі ресурстары, болашағы бар қайта өңдеу секторы, әртараптандырылған өндіріс, анағұрлым дамыған перифериялар тән. Статистикаға сәйкес, өнеркәсіптік облыстарда ел тұрғындарының 23,3%-ы өмір сүреді.

3. Солтүстіктегі Қостанай облысын және оңтүстіктегі Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстан облыстарын аграрлы-индустриалдық облыстар деп атауға болады. Аталған үш облыс та ауыл шаруашылығына анағұрлым нақты маманданған, бірақ өнеркәсіптік әлеуетті дамыту үшін ресурстары да бар. Сонымен бірге бұл облыстар тартымды табиғи ресурстарға бай. Оңтүстік аграрлы-индустриалдық облыстарда жер суармалы, ал солтүстікте – қолдан суарылады. Аймақта республика тұрғындарының 27,4%-ы тұрады.

4. Ауылшаруашылығы облыстары екі массивке бөлінген. Оларға оңтүстік-шығыстағы Алматы облысы және солтүстіктегі Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары жатады. Олардың ауылшаруашығындағы мамандануы ортақ, бірақ өсу серпіні әр түрлі. Әлсіз өндірістік кешен. Ауылшаруашылық облысына ресми түрде қазақстандықтардың 20%-ы құрайды.

5. Республикалық маңызы бар Алматы және Астана қалалары – бұл тұтыну орталықтары. Олардың ерекшелігі тұрғындар табыстарының жоғары деңгейінің болуында және қызмет саласының дамығандығында. Олардың сауда айналымы жалпы республикалық айналымның жартысын дерлік құрайды.

Қазақстан аймақтарын сыныптау аймақтардың дамуындағы ағымдағы жалпы ұқсастықтарға негізделеді және бес топты бөледі: мұнай-газ, өнеркәсіптік, аграрлы-индустриалдық, ауыл шаруашылық, тұтыну орталықтары. Мұнай алпауыты Атырау облысын, Алматы мегаполисін және елдорда Астана қаласын есепке алмағанда, Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік жағдай әр алуан және қазақстандық экономиканың мұнай-газ секторы мен қызмет көрсету секторына бұрмалануын көрсетеді. Қазақстан аймақтарының экономикалық даму деңгейінің әртараптануын [3] 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1

Қазақстан аймақтарын жан басына шаққандағы ЖАӨ бойынша топтастыру

Жан басына шаққандағы ЖАӨ, орташа қазақстандық шамасынан, %	Облыстар	Аймақтың ЖАӨ-нің жалпы республикалық шамасының ішіндегі үлесі, %
100%-дан астам	Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар облыстары, Алматы қаласы, Астана қаласы	68,6
100%	Қызылорда	3,8
50%-дан астам	Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан	15,3
50%-дан кем	Алматы облысы, Жамбыл облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы	12,3

Жоғарыдағы кесте көрсеткіштері аймақтық экономикалық дамудың біркелкі еместігін сипаттайды. Егер Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар облыстары, Алматы және Астана қалаларындағы жан басына шаққандағы ЖАӨ көлемі орташа республикалық деңгейден 1,5 есе көп болса, онда Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында орташа республикалық деңгейден екі есе аз. Берілген жағдайдың ушығуына дүниежүзілік экономикалық дағдарыс себепші болды, ол шаруашылықтың барлық салаларына әсерін тигізіп, аймақтың даму басымдықтарын, қызмет ету ерекшеліктерін өзгертті.

Жалпы аймақтық өнімнің негізгі үлесі жетекші аймақтарға шоғырланған, олар: Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар облыстары, Алматы және Астана қалалары және 68,6%-ды құрайды.

Әлемдік қауымдастық ақырғы он жылдықта экономикалық өсудің жинамикасы мен сапасында, оның ішінде аймақтық тұрғыда инновациялық жаңарудың жағымды жақтары білінуде. Қазіргі кезде модернизациялау бағытында өз саясаттарын жүзеге асырып отырған елдер мен аймақтар инновация есебінен жалпы ішкі өнімнің 85% өсуін қамтыған экономикалық даму тиімділігінің өсуін және жоғарғы қарқынын көрсетеді. Сондықтан қазіргі жағдайда ұлттық экономиканың инновациялық дамуын қамтамасыз ете алатын мемлекеттік аймақтық саясаттың қалыптасуы ҚР үшін ең қиын, сонымен қатар маңызды шара болып табылады.

SWOT-талдау әдісі бойынша жүргізілген аймақтардың ішкі ортасын зерттеу индустриалды-инновациялы даму көрсеткіштерінің келесідей топтамасын 5-кестеге сәйкес табуға мүмкіндік берді.

Нарықтық жағдайда экономиканың дамуы елдің жеке территориялы-шаруашылық жүйесін бәсекелестік басымдылық ретінде, сонымен қоса олардың кемшіліктерін нарыққа бейімделудің әртүрлі мүмкіндіктерімен байланысын шығарды.

Кесте 2

Қазақстан аймақтарының инновациялық даму факторлары

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Табиғи шикізаттардың бар болуы	Ғылым мен өндіріс арасындағы үйлеспеушілік
Халықтың жоғарғы білім деңгейі	Инновацияның ұлттық, аймақтық және салалық деңгейлерін бағыттаушы жүйенің жоқтығы
Саяси тұрақтылық	Мемлекеттік инновациялық саясатты жүзеге асыру бірізділіктің жетіспеуі
Елдің индустриалды-инновациялық жүйесін дамуды мемлекеттік қолдау және ынталандыру	Технология трансферті ортасында нашар инновациялық мәдениет және мамандандырылған қызметкерлердің жетіспеушілігі
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатер
Ғылым мен өндіріс арасындағы қарым-қатынастың өсуі	Дамыған мемлекеттерде ғылыми-технологиялық және өндірістік деңгейлердің алшақтығы
Жаңа технологиялар есебінен еңбек өнімділігін көтеру	Экономиканың шикізатты бағыттылығын нығайту
Бәсекелестік басымдық есебінен болашақтағы жоғары технологиялық саладағы көшбасшылық	Инженерлі-техникалық мамандықтардың төмен мәлімділігі және интеллектуалды ресурстардың шетелге ағылуы
Интеграциялық үдерістер есебінен (Кедендік одақ, ӘСҰ) жоғары технологиялық өнімді сату нарығының өсуі	Шетелдік жоғары технологиялы компаниялар жағынан бәсекелестіктің өсуі
Интеллектуалды ресурстарды қайтару үшін жағдай жасау	Мемлекеттік саясатта басымдықтардың ауысуы және жеткіліксіз қаржыландыру

Зерттеу негізінде мемлекет аймақтарының индустриалды-инновациялық дамуында келесі мәселелер анықталды:

- қазіргі замандық инновациялық және өндірістік инфрақұрылымның болмауы;
- өндірістік аппараттардың технологиялық және техникалық жетіспеушілігі;
- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрамдастық жұмыстарға қаржыландырудың жетіспеушілігі;
- зерттеу қызметкерлері сапасының нашарлауы, жастардың ғылыми қызметке қызығушылығының төмендеуі;
- елдің инновация-технологиялық даму және т.б. облыстарда құрылымға жауапты және біріккен мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын орталықтың болмауы.

Қазіргі заманда Қазақстан экономикасының өзгеру жағдайында және шаруашылықтың бәсекелестік жүйесінің қалыптасуында оның көп салалы экономикасының түбегейлі өзгеруі орын алуда. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін көтеруде негізгі рөлді технологиялық өзгерістер алады. Осыған байланысты, Қазақстанда индустриалды-инновациялық дамуға өту, жоғары технологиялық өзгерістерді, инновациялық әзірлемелерді және кәсіпкерлікті демеуге бағыттауға тапсырмалар қойылған.

Осылайша, Қазақстанның дамуына тән сипат аймақтардың экономикалық дамуы мен олардың тұрғындарының өмір сүру сапасы деңгейлері арасындағы айырмашылық болып табылады. Бұл жерде әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері бойынша аймақтардың әртараптануы бір көрсеткіштер бойынша бірталай уақыт жоғары болып сақталады, дәл сол уақытта басқа көрсеткіштер бойынша әртараптану ұлғая түседі.

Аймақтарды қолдаудағы мемлекет талпыныстарының ақырғы нәтижесі – депрессивті және әлсіз дамыған аймақтардың жаңа жұмыс орындарын ашу және қолданыстағыларын сақтап қалу, инфрақұрылымды дамыту, экономиканы әртараптандыру, жергілікті салық базасын кеңейту және т.б. арқылы тұрақты «өздігінен» дамытуға қол жеткізіледі. Мұның барлығы сонымен бірге аймақтардың экономикалық тұрақтануын қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін шешуге септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ҚР Президенті – Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж 14 желтоқсан).
2. Есентугелов А. Диспропорции в развитии: Мангыстауская область //Экономические стратегии – Центральная Азия. – 2013. – № 1. – С. 86 – 94.
3. Брошюра «Регионы Казахстана». Астана, 2014. – 28б.
4. Абдуллаева Г.Д. Региональная экономика: учебное пособие. Астана, 2012. – 156б.

EFFECTS OF GLOBALIZATION ON BUSINESS MANAGEMENT

Karkinbayeva Sh.I., Auyezova K.T., Mashkalova B.K., Bakbergenova A.D.

Eurasian National University,
Astana, Republic of Kazakhstan
E-mail: sholpanka_k@mail.ru

The worldwide workplaces has changed vastly over the past decade. Organizations are more global and employees are more diverse than ever before. Organizational structures are less hierarchical and more collaborative. And today's networked offices are full of technological distractions that would have been unimaginable to the 20th-century manager.

Globalization in short, points to the whole effort towards making the world global community as a one village. Goods that were only found in western countries can now be found across the globe. Now under developed areas can enjoy the benefits of scientific advances and industrial progress available in developed countries for the improvement and growth of their areas.